

**«Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» тақырыбында  
жалпыресаубликалық «Адалдық сағаты»**

**01.09.2021ж** Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің бастамасымен «Ұлтқа қызмет ету білімнен емес, мінезден» тақырыбында Алаш ардақтысы қоғам және мемлекет қайраткері Әлихан Бөкейхановтың өмір мен еңбек жолына арналған жалпыресаубликалық «Адалдық сағаты» өткізілді. Әлихан Бөкейханов-қазақ халқының қоғамдық-саяси, рухани, мәдени тарихында ұмытылмас із қалдырған көрнекті тұлға.

Іс-шараның негізгі мақсаты:

- қазақтың көрнекті қоғам қайраткері және "Алаш" партиясының көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың өмірі мен шығармашылығы негізінде студенттердің бойында Қазақстанның мәдени мұрасына деген қызығушылықты ояту;

- колледж студенттерінің ой-өрісін кеңейту, тілдерді үйренуге, өз елінің тарихына деген қызығушылығын арттыра түсу;

- өскелең ұрпақтың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және аса маңызды адамгершілік құндылықтарды: адалдықты, әділдікті, парасаттылықты және сенімді қалыптастыру.

"Адалдық сағатында" арнайы әзірленген бейнероликтер көрсетілді, адалдық пен парасаттылық құндылықтары, сыбайлас жемқорлықтың теріс салдары және елдің жетістіктері туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



Іс-шара қазіргі жастарға тек білім алуға ғана емес, адалдық, парасаттылық, әділеттілік және сенім сияқты жалпыадамзаттық құндылықтарды да алуға көмектесетіні сөзсіз.

Адалдық сағаттары колледждің барлық топтарында өткізілді. Оған 150-ден астам студент қатысты.

Қарағанды техникалық университеті  
Инновациялық технологиялар колледжі

1/5

**Адалдық сағаты**




Ұлтқа қызмет ету білімнен емес,  
мінезден

ҰЛТТЫҢ жоғын ұйықтап жүріп  
емес, ояу жүріп іздеу керек

\*\*\*

Ұлтқа қызмет ету -  
білімнен емес мінезден.



*Әлихан Бөкейханұлы*





